**III шақырылған Қарағанды қалалық мәслихаттың 2005 жылғы 10 наурыздағы XVI сессиясының "Қарағанды қаласында иттерді және мысықтарды күтіп ұстау Қағидасын бекіту туралы" N 4 шешіміне өзгертулер енгізу туралы**

Қарағанды қалалық мәслихатының III шақырылған XXIX сессиясының 2006 жылғы 24 наурыздағы N 4 шешімі. Қарағанды қаласы Әділет басқармасында 2006 жылғы 20 сәуірде N 8-1-28 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 43 бабына сәйкес Қарағанды қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. III шақырылған Қарағанды қалалық мәслихаттың 2005 жылғы 10 наурыздағы XVI сессиясының "Қарағанды қаласында иттерді және мысықтарды күтіп ұстау Қағидасын бекіту туралы" N 4 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі N 8-1-1, "Взгляд на события" газетінде 2005 жылғы 18 мамырда N 19 (084) жарияланған) келесі өзгертулер енгізілсін:

1) 7 тармақта "Тыйым салынады" сөздері "Жол берілмейді" сөздерімен ауыстырылсын;

2) 7 тармақтың 9 тармақшасы алынып тасталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау құрылыс, экология, көлік, байланыс, халыққа коммуналдық-тұрмыстық қызмет көрсету мәселелері бойынша тұрақты комиссияға жүктелсін (төрағасы Әбдіров Қадырбек Сағашұлы).

*III шақырылған қалалық мәслихаттың кезектен тыс XXIX сессиясының төрағасы, қалалық мәслихат хатшысы Қ. Бексұлтанов*

Келісілді:

*Қарағанды қаласының Қазыбек би атындағы ауданның әкімі М. Кәрібеков*

*Қарағанды қаласының Октябрь ауданының әкімі А. Ессе*

*Қарағанды қаласының Қазыбек би атындағы ауданның ішкі істер басқармасының бастығы С. Әбубәкіров*

*Қарағанды қаласының Октябрь ауданының ішкі істер басқармасының бастығы Т. Нұрғалиев*

*Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаментінің Қарағанды қаласы бойынша филиалының бастығы С. Сәтеков*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК